



Жүргізілген кеңестер туралы
Есеп

Тақырыбы: «Ұлан-Отырар» ЖШС Биомелиоранттардың жүгері дақылының өнімділігіне әсері

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:

«13» қазан 2023 жыл

Кеңес беру өткізілген орын:

Түркістан облысы, Отырар ауданы,
Шәуілдір ауылы, «Ұлан-Отырар» ЖШС

Эксперт: _____ Сулейменова А.И.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазак
Топырактану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Баскарма Төрайымы

_____ Р.Х. Рамазанова
қолы А.О.



Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

Биомелиоранттардың және минералды тыңайтқыштардың жүгері дақылының өнімділігіне әсерін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге түсіндіру.

2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;

Органикалық ауыл шаруашылығы табиғи әдістер мен заттарды дәстүрлі сияқты, замануи ғылыми білімдерді қолданудың арқасында, ауыл шаруашылығы өнімділігі мен дақылдардың ауруларға төзімділігін арттырып ауыл шаруашылығына сырттан келетін үлестерді тез қысқартады.

Органикалық ауыл шаруашылығын дүние жүзінде қабылданған, жергілікті әлеуметтік-экономикалық, климаттық және дақылдық жағдайларға қолданылатын принциптерге сүйену керек. Бұдан шығатын қорытынды, IFOAM жергілікті және аймақтық деңгейде өзін-өзі қамтамасыз ету жүйесін дамытуды қолдайды және үлкен назар аударады.

Органикалық егіншілік жағдайында жоғарыда атап көрсетілген мәселелерді шешу үшін ең бірінші міндет болып негізгі гумус балансын құраушыларды жіті зерттеудің қажеттілігі саналады.

Жоғарыда аталған аудан алқаптарында осыған дейін ғылыми тәжірибелік зерттеулер жүргізілген. Зерттеу жұмыстарымызда топырақ құрамындағы қарашірінді заттардың жылжу механизмі мен жылдық динамикасы, биомелиоранттардың топырақ құнарлығына әсері анықталды.

3) Өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;

Жұмыстың маңыздылығы жоғарыда айтып өткендей ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, биомелиоранттардың топырақ құнарлығына және де жүгері дақылының өнімділігін арттырудың тиімділігін анықтағандығында.

Далалық бақылау кезінде алынған топырақ үлгілерін талдау нәтижесінде тұздану дәрежесі бойынша топырақтардың әрбір төбының үлесін бағалау мақсатында мәліметтер жинақталды. Талдау нәтижесіне сәйкес топырақтың жырту қабатында (0-20 см) тұзданбаған топырақтардың үлесі 90,74%-ды құраса, бұл көрсеткіш 20-50см қабатта ол 78,11%-ға дейін төмендейді, ал ең төменгі 50-100 см қабатта тұзданбаған топырақтың мөлшері жырту қабатына карағанда шамамен екі есеге дейін төмендеп, 48,15%-ды құрайды. Әлсіз тұзданған топырақ 0-20 см қабатында 5,56% бөлсе, 20-50 см және 50-100 см қабаттарында 14,81%-ды құрап, шамалы өскен. Орташа тұзданған топырақтардың үлесі 0-20 см қабатында 3,70%-дан 20-50 см қабаттарында 7,41%-ға өсіп, төменгі қабаты 50-100 см қабатында 14,81%-ға жетеді. Ал күшті және өте күшті тұзданған топырақтар 0-20 см және 20-50 см

кабаттарында пайыздық үлесі 0-ге тең болса, 50-100 см кабаттарында 22,23% күшті тұзданған топырақтарға жатады. Биомелиоранттарды пайдаланған алқаптарда түскен жүгері дәнінің өнімділігі топырақтардың тұздану дәрежесіне байланысты 11,5-тен 33,0 пайызға дейін артты. Технологияны пайдаланудан 1 гектардан түскен таза пайда қосымша өнім есебінен топырақтардың тұздану дәрежесіне байланысты 129,9-дан 29,5 мың теңгеге дейін құрады.

4) Кеңес беруден фотосуреттер

